

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

№73 (238), наурыз 2026 ж.

Ұлттық рухты асқақтатқан
Әз-Наурыз

8

«Ең әдемі киім –
ұлтыңның киімі»

12

Жизнь, посвящённая музыке:
Кенесу Дуйсекееву – 80 лет

18



Шараның екінші күнінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «AI-Sana: Болашақ экономикасы үшін адами капиталды қалыптастыру» тақырыбында панельдік сессиясы және жоғары оқу орындарының стартап-жобалары көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы-ректор Дархан Ахмед Заки бастаған университет делегациясы қатысты.



Панельдік сессияда ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Щеглова сөз сөйлеп, алғаш рет өткізіліп отырған форум экономиканы



«Digital Qazaqstan 2026»: «Auezov AI First» ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Шымкент қаласында өткен ауқымды «Digital Qazaqstan 2026» форумында Әуезов университеті өз жобаларын жоғары деңгейде көрсетті.



цифрландыруға, жасанды интеллект технологияларын енгізуге және өңірлік дамуды жеделдетуге бағытталған маңызды ұлттық алаңға айналғаны атап өтті.

Форум аясындағы жоғары оқу орындарының стартап-жобалары көрмесінде түрлі салаларда жасанды интеллектіні қолдануға негізделген инновациялық шешімдер ұсынылды. Басты жаңалық – көрмеде Әуезов университетінің жасанды интеллект саласындағы жобаларды біріктіретін «Auezov AI First» инновациялық платформасы таныстырылды!

Сонымен қатар, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде Digital Qazaqstan 2026 аясында ұйымдастырылған «AI for Kazakhstan: Industry 5.0 Solutions» өңірлік AI-хакатонның жеңімпаздарының лайықты марапаттарын вице-министр Динара Щеглованың өзі табыстады.

Жасанды интеллект пен жаңа технологиялар – болашақтың тірегі. Ал Әуезов университеті осы көштің алдыңғы қатарында!

Үздік деп танылған жобалар және жеңімпаздардың аты-жөнін 4-беттен оқи аласыздар.

Мемлекет басшысы Жаңа Конституцияға қол қойды



17 наурыз күні Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жалпыұлттық референдумда қабылданған жаңа Конституцияға қол қойды. Бұл ту-

ралы Ақордада өткен салтанатты рәсім барысында мәлім болды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде алдағы саяси реформалардың маңызын атап өтіп, күзге дейін жаңа Парламент сайлауын өткізу жоспарланып отырғанын жеткізді. Сонымен қатар осы кезеңге дейін бірқатар конституциялық заңдарды қабылдау қажеттігін айтты.

Салтанатты жиын барысында Президент «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру

жөніндегі шаралар туралы» жарлыққа да қол қойды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жаңа Конституция 1 шілдеден бастап ресми түрде күшіне енеді. Ал 15 наурыз – Конституция күні ретінде мемлекеттік мереке болып белгіленіп, жыл сайын атап өтіледі.

Еске сала кетейік, 15 наурызда өткен жалпыұлттық референдум қорытындысы бойынша қазақстандықтардың 87,15 пайызы жаңа Конституцияны қолдап дауыс берген.



«AI Auezov» зертханасы ашылды



М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕАҚ-да Директорлар кеңесінің мүшелері бас қосып, бірқатар маңызды іс-шараларға қатысты.

Алдымен Директорлар кеңесінің төрағасы, химия ғылымдарының докторы, профессор Мұхамбетқали Мырзабайұлы Бүркітбаев профессор-оқытушылар құрамына «ENAE and the EUR-ACE® Labels: A European Policy Instrument for Quality and



Mobility in Engineering Education» тақырыбында мазмұнды дәріс оқыды. Іс-шара барысында Директорлар кеңесінің мүшелері «AI Auezov» зертханасының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Аталған зертхана студенттерге жасанды интеллект негіздерін, соның ішінде машиналық оқыту мен нейрондық желілерді тәжірибелік тұрғыда меңгеруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар университеттің Басқарма мүшесі – ректор Дархан Ахмед Заки Директорлар кеңесі мүшелерін оқу орнының ғылыми-зерттеу әлеуеті және материалдық-техникалық базасымен таныстырып, алдағы жоспарлар мен жобалар жөнінде баяндады.

Кездесу аясында Директорлар кеңесінің кезекті отырысы өтіп, университеттің даму бағыттары талқыланды.

Ботагоз Муталиева академик Н. Базанова атындағы марапатқа ие болды

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында, ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы отандық ғалым әйелдерге арналған академик Найля Базанова атындағы марапатты салтанатты түрде табыстау рәсімін өткізді. Іс-шараға отандық ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан жетекші ғалым әйелдер, ғылыми қызметкерлер мен оқытушылар, сондай-ақ жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың басшылары қатысты. Салтанатты рәсімге шамамен 400 адам жиналды.

Аталған марапатқа М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Биотехнология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Муталиева Ботагоз Жаксылыковна да ие болды.

Академик Н. Базанова атындағы марапат – жоғары ғылыми нәтижелерге қол жеткізген, ғылыми жаңалық ашқан немесе қолданбалы зерттеулердің дамуына елеулі үлес қосқан ғалым әй-



елдерді ынталандыруға арналған құрмет белгісі. Бұл марапатты тағайындау отандық ғылымдағы әйелдердің жетістіктерін мойындау мен насихаттауға, сондай-ақ жас зерттеушілерді қолдау мен ынталандыруға бағытталған.

Ботагоз Жаксылыковнаны Әуезов университеті ұжымының атынан шын жүректен құттықтаймыз!

Әуезов ғалымының монографиясы ұлттық байқауда үздік деп танылды

«Заң» факультеті «Философия» кафедрасының ф.ғ.к., доцент, мәдениеттанушы Жиенбекова Айнұр Абдрахмановнаның еңбегі «Global SciCall: жаңа білім қоры» III ұлттық байқауында үздік деп танылып, «Үздік ғылыми басылым (монография)» номинациясы бойынша марапатталды. Монография «Қазақ костюмі философиялық феномен: мәдени жадыдағы өткен мен бүгінгіңіз өзара әрекеттесуі» деп аталады.

Байқауға Қазақстанның жоғары оқу орындары мен ТЖКБ-ның 300-ге жуық оқытушысы қатысты, олардың жұмыстарын 30-ға жуық сарапшы бағалады. Арасынан алты номинация бойынша жеңімпаздар анықталды.

Атап өтейік, бұл конкурсты EDP HUB баспасы авторларды қолдау, жариялау белсенділігін арттыру, басылымдарды ілгерілету және ҚР білім беру процесін қамтамасыз ету



үшін оқу материалдарының қорын құру мақсатында өткізеді.

Ұлттық салт-дәстүрімізді терең зерттеп, оның құндылықтарын бүгінгі қоғаммен сабақтастырып, рухани мұрамызды жаңғыртуға өлшеусіз үлес қосып жүрген Айнұр Жиенбекованы Әуезов университеті ұжымының атынан зор құрметпен және шын жүректен құттықтаймыз!

«Ұлттық киімдер шеруі»: Ұлттық рух пен сән тоғысқан күн



қоғамдағы орнын ерекше атап өтті.

–Қазіргі таңда ұлттық киімдер тек мерекелік сән емес, заманауи үлгіде жаңғырып, күнделікті өмірге батыл еніп келеді. Әуезов университетінде жұма сайын ұлттық киім кию дәстүрге айналған. Бүгінгі шеруде ұсынылған топтамалар «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының талантты студенттерінің еңбегі. Олар дәстүр мен жаңашылдықты шебер үйлестіріп, ерекше дүниелер ұсынды, – деді Медеубек Тәңірбергенов.

Ұлттық рух ұлықталған, дәстүр мен тағылым тоғысқан «Ұлттық киім» күніне орай университетімізде ерекше іс-шара өтті. Ұлттық киімдер шеруінде 100-ге жуық ару қыз сән көрсетілімін көрсетті. Алдымен университет ғимаратынан шыққан қыздар Арбат алаңына дейін жаяу жүріп, көпшіліктің назарын өздеріне аударды.

Іс-шараға университеттің «Мәдениет және өнер» факультетінің деканы Медеубек Тәңірбергенов пен Шымкент қаласы жастар саясаты басқармасы басшысы Азамат Парманов қатысып, жиналған жұртшылықты мерекемен құттықтады. Олар Наурызнаманың маңызына тоқталып, ұлттық құндылықтардың бүгінгі

Сән көрсетілімінде ұсынылған «Бәйшешек», «Қызғалдақ», «Ханшайым», «Үкілі», «Жан нұры», «Ұлттық ритм», «Жаңғырық», «Көктем нұры», «Деним», «Көшпенді шик», «Замша көркі», «Тұнған тамырдан тамған таңғажайып», «Өрнек сыры» топтамалары көрермендерді ерекше әсерге бөледі.

«Бөрте Милка» кәсіпорны білім грантын ұсынады



Биылғы талапкерлер үшін қуанышты жаңалық! Өңірдегі ірі кәсіпорындардың бірі – «Бөрте Милка» Әуезов университетінің «Сүт және сүт өнімдерінің технологиясы» мамандығын таңдаған талапкерлерге білім гранттарын ұсынады.

Бұл М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен «Бөрте Милка» ЖШС арасындағы табысты ынтымақтастықтың арқасында жүзеге асырылуда.

Аталған келісім аясында «Бөрте Милка» ЖШС мен университет бірқатар маңызды әлеуметтік бастамаларды жүзеге асырып келеді. Екіжақты ынтымақтастықтың негізгі мақсаты – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу және өндіріс саласын білікті кадрлармен қамтамасыз ету.

«Бөрте Милка» ЖШС кәсіпорнының басшысы Бөкейхан Әбішевтің айтуынша, бұл серіктестік студенттердің кәсіби дамуына үлкен мүмкіндік береді. Ынтымақтастық аясында студенттер кәсіпорында өндірістік тәжірибеден өтіп, сүт және сүт өнімдерін өндірудің заманауи технологияларымен танысады. Сонымен қатар оқу бағдарламасын өндіріс талаптарына бейімдеу жұмыстары жүргізілуде.

Атап өтейік, оқу орнын сәтті аяқтаған түлектерді кәсіпорын тұрақты жұмыспен қамтуды жоспарлап отыр.

Жас ғалымдар Путра университетінде академиялық тағылымдамадан өтті



Оқу ордамыздың «Биотехнология» кафедрасы 8D05120 – «Агроөнеркәсіп саласындағы биотехнологиялық аспектілері» білім беру бағдарламасының 2-курс докторанттары Арайлым Ергеш және Мөлдір Алданышова 2026 жылдың 16 ақпан – 16 наурыз аралығында академиялық тағылымдамадан өтті.

Тағылымдама Universiti Putra Malaysia (Малайзиядағы же-

текші ғылыми-зерттеу университеттерінің бірі) базасында ұйымдастырылып, профессор Мат Назми жетекшілігімен жүзеге асырылуда.

Тағылымдаманың негізгі мақсаты – агроөнеркәсіп саласын-



дағы биотехнология бағытында ғылыми зерттеулерді жетілдіру, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасу, заманауи зертханалық әдістермен танысу және бірлескен ғылыми жобаларды дамыту.

Бұл тағылымдама докторанттардың ғылыми әлеуетін арттыруға, халықаралық деңгейде тәжірибе жинақтауға және болашақта агробиотехнология саласының дамуына үлес қосатын жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Докторанттарға ғылыми ізденістерінде табыс, жаңа жетістіктер және сәтті тағылымдама тілейміз!

«Көктем Аруы – 2026» байқауында студентіміз I орынға ие болды

Әуезов университетінің арулары әрдайым биік белестерді бағындырып келеді. Осы дәстүрді Шымкент қаласында өткен «Көктем Аруы – 2026» байқауында «Музыкалық білім» мамандығының 2-курс студенті және «Тұмар» ұйымының белсенді мүшесі Сауранова Таңсұлу Батырханқызы тағы бір мәрте дәлелдеді. Жастар ресурстық орталығы ұй-



ымдастырған бұл айтулы додада қатысушылар бес кезең бойы білім, өнер, тапқырлық пен сахна мәдениеті бойынша сынға түсті. Өзінің ерекше талантымен, интеллектуалды дайындығымен және талғампаздығымен қазылар алқасын тәнті еткен Таңсұлу жұлделі I орынды иеленіп, нағыз сұлулық пен ізденістің үйлесімін көрсете білді.

Көрермен кезайымына айналған аруымызды жарқын жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз!



Швейцария төрінде жарқыраған жеңіс


Тағы бір толағай жеңіс! «Спорт және туризм» факультетінің СТ-23-3к5 тобының

студенті Раимқұлов Дінмұхамед Швейцарияда өткен фристайл акробатикасы бойынша әлем чемпионатында жоғары нәтиже көрсетіп, жұлделі 2-орынды иеленді.

Халықаралық додада өз шеберлігін дәлелдеп, ел намысын абыроймен қорғады.

Дінмұхамедтің бұл жеңісі – тек университетіміздің ғана емес, бүкіл елдің мақтанышы.

Өңірлік AI-хакатон: Топ жарған жас инноваторлар



«Digital Qazaqstan 2026» аясында Шымкент қаласындағы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде өткен «AI for Kazakhstan: Industry 5.0 Solutions» атты өңірлік AI-хакатон өз мәресіне жетті. Үш күнге созылған байқау жас IT-мамандар мен жасанды интеллектке қызығушылығы жоғары студенттердің басын қосып, жаңа идеялар мен тың жобалардың алаңына айналды.

Хакатонға Шымкент қаласындағы жоғары оқу орындарынан 26 команда қатысып, өзара бақ сынады. Қатысушылар Industry 5.0 талаптарына сай инновациялық шешімдер ұсынып, креативті ойлау мен технологиялық дағдыларын көрсетті. Нәтижесінде үздік жобалар анықталып, жеңімпаздар іріктелді. Жеңімпаздарды Шымкентте өтіп жатқан Digital Qazaqstan 2026 ұлттық форумында ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Щеглова марапаттарды табыстады. Сонымен жеңімпаздарымыз:



I орын - Intellix командасы (М.Әуезов атындағы ОҚЗУ) Бағыты - «GovTech and SmartCity». Қатысушылар - Амангелді Ерасыл Төлегенұлы, Құтжан Ерасыл Асқарұлы, Тұран Алуа Мұханқызы.

II орын - Cyber VR командасы (М.Әуезов атындағы ОҚЗУ). Бағыты - «Өнеркәсіп пен энергетикадағы жасанды интеллект».

II орын - Delta командасы Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ. Бағыты - «Білім берудегі жасанды интеллект»



III орын Gen Tech Minds командасы (М. Әуезов ОҚУ-нің Шыршық филиалы). Бағыты - «Өнеркәсіп пен энергетикадағы жасанды интеллект».

III орын - Galamat group командасы (Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы). Бағыты - «Білім берудегі жасанды интеллект»

III орын - Nova командасы (М.Әуезов атындағы ОҚЗУ). Бағыты - «Білім берудегі жасанды интеллект»



Креативке толы бұл алаңда қатысушылар қаладағы өзекті мәселелерді айқындап, сол бағытта ұсынған инновациялық жобалары арқылы бизнес өкілдері мен жұмыс берушілердің ерекше назарын аударғанын атап өткізіміз келеді.

Жеңімпаз командаларды шын жүректен құттықтай отырып, барлық қатысушыларға белсенділігі, креативті идеялары мен батыл бастамалары үшін алғыс білдіреміз!



Академическая мобильность студентов как составляющая международных интеграционных процессов в системе высшего образования Казахстана

В современном мире, где глобализация стала неотъемлемой частью нашей жизни, академическая мобильность студентов становится всё более важной составляющей образовательного процесса. Этот опыт представляет собой не только уникальную возможность, но и ключ к успеху для студентов.

Взаимодействие со студентами из разных культурных и языковых сред стало важным дополнением к академическому опыту. Оно позволило студентам расширить представления о языке как о живом инструменте межкультурной коммуникации и почувствовать практическую значимость филологического образования в глобальном контексте. Этот аспект придаёт обучению дополнительную глубину и эмоциональную насыщенность, не нарушая при этом его академической направленности. Учеба в другой стране предоставляет студентам доступ к новым методам обучения, подходам к изучению предметов и образовательным программам. Это позволяет студентам расширить свои знания и перспективы в своей области.

В рамках программы академической мобильности, Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова дал возможность студентам кафедры «Русский язык и литература» пройти обучение в таких университетах как: в Российском университете дружбы народов Патриса Лумумбы, в одном из крупнейших высших учебных заведений России и в университете Акдениз, в одном из крупнейших высших учебных заведений Турции.

Благодаря Центру Академической мобильности Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова студенты гр.ФИ-24-2р1 Исачева Вероника, Хасантаева Шахризода и гр.ФИ-24-8р Шаповалова Александра расширили свои знания и перспективы в своей обучаемой области.

Преодоление культурных, языковых и образовательных барьеров в процессе академической мобильности способствует развитию самоуверенности и самооценки студента, делая его бо-

лее готовым к преодолению вызовов в будущем. Проживание и учеба в другой стране способствуют личностному развитию, помогая студентам стать более независимыми, открытыми и адаптивными.

Помимо обучения и новых знаний студенты обрели много новых друзей, с которыми поддерживают связь. По мнению студентов, эти связи могут представлять возможности для новых проектов, совместных исследований и дальнейших научных стажировок. Ключевыми для казахстанского образования остаются традиционные принципы солидарности и партнерства, способствующие пониманию сложнейших современных глобальных проблем и обосновывающие необходимость толерантного отношения к представителям других культур.

Академическая мобильность важна для личного развития и возможности трудоустройства, и она воспитывает уважение к разнообразию и возможности иметь дело с другими культурами. Она стимулирует лингвистический плюрализм и повышает конкурентоспособность высших учебных заведений. Участник акаде-

мической мобильности приобретает навыки погружения в «новую» культурную среду, способность к межкультурной коммуникации, способность мыслить в сравнительном аспекте и др.

Также студентами кафедры было отмечено, что академическая мобильность обеспечивает не только академическое образование, но и разнообразные возможности для развития студентов во всевозможных сферах. Здесь действуют научные клубы, студенческие организации, спортивные секции и другие активности, которые способствуют развитию творческого потенциала студентов и созданию благоприятной обстановки в университетском сообществе.

Таким образом, участие студентов по программе академической мобильности стало для студентов не только возможностью углубить профессиональные знания, но и опытом, способствующим развитию гибкости мышления, адаптивности и открытости к новым научным и культурным перспективам. Полученные впечатления и навыки, без сомнения, окажут влияние на дальнейшее образовательное и профессиональное становление.

Студенты кафедры «Русского языка и литературы» выразили огромную благодарность руководству университета и Центру академической мобильности за детальную разъяснительную работу и за поддержку в участии по программе академической мобильности.

КАЛДЫКОЗОВА С.Е.,
заведующая кафедрой «Русский язык и литература»,
ИСАБАЕВА Г.Н., ст.преподаватель,
ЕРМЕТОВА Р.Е., ст.преподаватель



М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Зерттеу Университеті 83 жылдық тарихы бар еңсесі биік, іргесі мықты білім ордасы. Университеттегі 13 жоғары мектеп және факультеттерде білім беру бағдарламалары бойынша мамандар дайындалуда. Білікті мамандар дайындауда университеттің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, Ахмед-Заки Дархан Жұмаханұлы білім алушы студенттер, магистранттар мен PhD-докторанттарға, профессор-оқытушыларға жан-жақты жағдай жасауда. Кабинеттер мен зертханалар жаңа үлгідегі құралдармен жабдықталған. Білім ордасындағы факультеттер арасында «Механика, машина жасау және мұнай-газ ісі» факультетінің алатын орны ерекше.

Химия, мұнай-газ және машина жасау өндірістері қарқынды дамуда

Механика факультеті 1958 жылы ұйымдастырылып, білім беру сапасын жақсарту мен мамандарды дайындаудың тиімділігін арттыру мақсатында 2011 жылдың наурыз айының 19-шы жұлдызынан «Механика және мұнай-газ ісі» факультеті болып және 2026 жылдың қаңтар айының 19-шы жұлдызында «Механика, машина жасау және мұнай-газ ісі» факультеті болып қайта құрылған.

Тарихы тереңде жатқан бұл факультет өңірдегі өндіріс кәсіпорындарына кәсіби білікті техникалық мамандар даярлау ісінде мол үлес қосып келеді. Факультет мамандықтарын біріген түлектер қазіргі таңда көптеген өндірістерде, білім ордалары мен ғылыми институттармен академияларда қызмет жасауда.

Қазақстанның оңтүстік өңірі өндіріс орындары көп шоғырланған индустриалды аймақ болып табылады. Химия, машина жасау және мұнай-газ өнеркәсібінің өркендеуі шаруашылықтың барлық салаларының дамуына, жалпы ғылыми-техникалық прогресстің жеделдеуіне әсер етеді. Химия, машина жасау және мұнайгаз өнеркәсібінің және оның жетістіктері егеменді еліміздің экономикасының өсуіне, халықтың әл-ауқатының артуына ықпал етеді.

Қазіргі таңда «Механика, машина жасау және мұнай-газ ісі» факультетінде 23 білім беру бағдарламасы бойынша нарықтық экономикада бәсекелесуге қабілетті мамандар даярланады. 2024 жылы 19 - білім беру бағдарламасы және 2025

жылы 2- білім беру бағдарламасы аккредитациядан нәтижелі өтті.

Факультет құрамында 95 профессор - оқытушы болашақ мамандарға білім беруде. Олардың ішінде 8 ғылым докторлары, 35 ғылым кандидаттары мен 11 PhD-докторлары қызмет жасайды.

Факультетте 8D07210 – Мұнайгаз инжинирингі, 8D07120 – Машина жасау және 8D07180- Технологиялық машиналар және жабдықтар PhD докторантура бойынша мамандар дайындалады. Мұнайгаз инжинирингі және Технологиялық машиналар және жабдықтар білім беру бағдарламасының докторанттарының диссертацияларын қорғайтын 2 – Диссертациялық Кеңес жұмыс жасайды

Оқу үрдісі сапа менеджменті жүйесіне сәйкес кредиттік технология бойынша жүргізіледі. Керекті оқу әдістемелік әдебиет жүйелі түрде университеттің оқытушылары және шетел ғалымдарының оқулықтарымен толықтырылып отырылады. Студенттерді оқыту және білім беру түрлері заманауи инновациялық әдістемелермен, компьютерлермен, ИНТЕРНЕТ-пен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар оқу үрдісіне өндірістерден жетекші мамандар шақырылады. Студенттер болашақта халықаралық деңгейде жұмыс істеу үшін ағылшын тілінде білім алып университетті нәтижелі бітіріп шығуда.

Факультетте ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Надиров К.С. қызмет жасайды. Соңғы жылдары

18 оқытушы – профессор және доценттеріміз (Күмісбеков С.А., Голубев В.Г., Волненко А.А., Аширбаев Х.А., Надиров К.С., Тулекбаева А.К., Орынбасаров А.К., Мырзаалиев Д.С., Понамаренко Е.В., Бимбетова Г.Ж., Хусанов А.Е., Қалдыбаева Б.М., Байысбай Ө.П., Азимов А.М., Садырбаева А.С., Жантасов М.К., Серікұлы Ж., Абшенов Х.А. т.б.) ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы» гранттарының иегері атанды.

«Механика, машина жасау және мұнай-газ ісі» факультетінде дуальды оқыту жолға қойылған және 3 білім беру бағдарламасы 6B07124-Электротехникалық машинажасау және энергетикалық жүйелер инжинирингі білім беру бағдарламасының студенттері - «KARLSKRONA LC_AB» ЖШС, 6B07181-Мұнай және газ өнеркәсібінің машиналары мен жабдықтары білім беру бағдарламасының студенттері - «Петро Казахстан Ойл Продактс» ЖШС және 7M07210-Мұнайгаз ісі білім беру бағдарламасының магистранттары - «НефтехимСтрой ЮГ» ЖШС мекемелерінде дуальды оқыту технологиясымен білім алуда.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру аясында факультет студенттері алыс және жақын шетелдерде білім алуда және болашақ студенттерде шетел университеттерінде білім алып келуіне болады. Факультеттің кез-келген білім беру бағдарламасына түскен ұл балалар әскери кафедрада білім алуға мүмкіншілігі бар және бітірген түлектерге запастағы офицер

шені беріледі. Біздің түлектеріміз еліміздің көптеген жерлерінде және шет елдерде жемісті қызмет атқаруда.

Білім беру сапасы жоғары деңгейде, оған дәлел оқытушы профессорлар, магистранттар және PhD-докторанттар шетелдерде (Германия, Хорватия, Италия, Қытай, Турция, Белорусия және Россия т.б.) тағылымдамадан және іс-тәжірибелерден өтіп, өз біліктіліктерін арттыруда.

Технологиялық машиналар мен жабдықтар кафедрасының меңгерушісі Хусанов А.Е. Халықаралық ERASMUS+ жобасы бойынша Загребский Университет, Хорватия біліктілігін арттырып қайтты.

Халықаралық байланыс негізінде шет елдің ғалымдары келіп студенттерге, магистрант және докторанттарға дәріс өткізіп тұрады. 2025 жылдың 5 желтоқсанында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Механика және мұнай-газ ісі» факультетінде жетекші ғалымдардан құралған делегацияның жұмыс сапары өтті. Делегация құрамында — профессор, PhD докторы Моханрадж Муругесан (Hindusthan College of Engineering and Technology, Үндістан), Ержан Беляев (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы) және Аманкелді Төлеуханов (Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Алматы) болды.

Факультетте жастарды ғылымға баулу, тәрбие және кәсіби бағдар беру жұмыстары білім беру үрдісімен қатар жүргізіледі. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі ретінде 2025 жылдың 26-28 қарашасында Алматы қаласы Satbayev University-де өткен механизмдер мен машиналар теориясы және робот механикасы бойынша 6-шы Дүниежүзілік студенттер олимпиадасына (SIOMMS-2025) М.Әуезов атындағы ОҚЗУ командасы 6В07124 - «Электротехникалық машинажасау және энергетикалық жүйелер инженерингі» БББ ММГ-23-14к тобының студенттері Курбан Ақерке, Султанмурат Азиза, Абзалов Самандархан қатысып жүлделі III орын иеленді. 2025 жылдың желтоқсан айында университет деңгейінде ұйымдастырылған стартап жобалар байқауында ММГ-22-6к1 тобының студенті Бекетова Жанел, жетекшісі магистр, аға оқытушы Турдыбекова Дильфуза Абдашимовна «Ақылды гардероб: жасаңды интеллект негізінде киім таңдау технологиясын автоматтандыру» тақырыбындағы жобасымен қатысып, 3-орын және 300 000 тенгелік грант иеленді.

«Механика, машинажасау және мұнайгаз ісі» профессор оқытушылары білім алушыларға білім берумен қатар ғылыми зерттеу жұмыстармен белсенді айналысады. Факультетте 1-мақсатты қаржыландыру бағдарламасы (бағдарлама жетекшісі: х.ғ.д., профессор Надиров К.С.). 1-Жас ғалым жобасы (жоба жетекшісі: PhD Абжапбаров А.А.) және 5- қаржыландырылатын ғылыми жоба (жоба жетекшілері



Волненко А.А., Хусанов А.Е., Калдыбаева Б.М., Жантасов М.К., Абшенов Х.А.) бойынша ғалымдарымыз ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Факультеттің білім беру бағдарламаларының түлектеріне бакалавр дәрежесі беріледі. Бітіруші түлектер Қазақстандағы Отандық және шетелдік өндірістермен кәсіпорындарда қызмет жасайды. Олардың жұмыс орындарына білім беру бағдарламалары бойынша келесі базалар жатады:

6В07180 – Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бой-

ынша) және 6В07181 – Мұнай және газ өнеркәсібінің машиналары мен жабдықтары білім беру бағдарламалары бойынша ЮФ АҚ «НГСК КазСтройСервис», ЖШС «Петро Казахстан Ойл Продактс», ЖШС «Shymkent Temir», ЖШС «Казнихимпроект», ТОО «Зерде-Керамика», ТОО «Tektum Engineering», «Феррум-Втор» ЖШС, Элликалинская филиал ООО «Тахиаташская нефтебаза», ТОО «Добывающее предприятие «Орталык», АО «Химфарм», ТОО «Казфосфат» және «HillCorporation» ЖШС кәсіпорындары.

6В07182 - Тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттары білім беру бағдарламасы бойынша ЖШС «Рахат-Шымкент», ТОО «Рауан» және ТОО «Аймақ құс» және т.б.

6В07510 – Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша) және 6В07513 –Метрология білім беру бағдарламалары бойынша «КазСтандарт» РМК ШТФ, «HillCorporation» ЖШС, «Туран Бизнес Групп» ЖШС, «Интертехсервис-ИТС» ЖШС, «Республикалық ветеринарлық зертханасы» РМК ОҚФ, «Развития образования KZ» ЖШС, «Типограф» ЖШС, «АНВ Казстройсервис» ЖШС, «Z-Agro» ЖШС, ТОО «Kazmedpribor Holding» ЖШС, «ТурАхмет иК»ЖШС, «Ел-стандарт» ЖШС, «Балмұздақ» ЖШС, «UT Medical» ЖШС, «Паритет коллекторлық агенттігі»ЖШС және «Қайнар-21» ЖШС мекемелері.

6В07210, 6В07211 – «Мұнайгаз ісі», 6В07215 -«Мұнай және газ өндіру объектілерін пайдалану мен қызмет көрсету» және 6В07216 -«Газмұнай-құбырларын және газмұнайқоймаларын пайдалану» білім беру бағдарламалары бойынша «Нефтехимстрой-ЮГ» ЖШС, «Центр-ПромГеофизика» ЖШС, «Бурводстрой» ЖШС, «Гидроспецстрой №5» ЖШС, ҒОӨО «Мунайгаз проект» ЖШС, «Мұнайгаздиагностика» ЖШС, «QAZAQGAZ AIMAQ» ШФ АҚ, «КазТриоКом» ЖШС, «Адал Газ Сервис» ЖШС, «Renaissane SHIK» ЖШС және ҒОӨО «Мунайгаз проект» ЖШС өндіріс орындары.

6В07120 – Машинажасау, 6В07125 – Мұнайгаз машинажасау 6В07124 – Электротехникалық машинажасау және энергетикалық жүйелер инженерингі білім беру бағдарламалары бойынша KARLSKRONA» ЖШС, «Карданвал» ЖШС, «Химфарм» АҚ, «Kazakhmys Smelting» ЖШС, «КазИнжинирингГрупп» ЖШС, «KazFerroGroup» ЖШС, «Шымкент Эталон» ЖШС, «Kaspy Group» ЖШС, «КазТермоПласт ЖШС, «Кентау трансформатор заводы» АҚ, «Завод электроаппарат» ЖШС, «Asia Trafo» ЖШС, «Каз Техникас» ЖШС, «Казгеомашл» ЖШС және «Завод Автотехнологий» ЖШС базалары жатады.

Сонымен қатар бітіруші түлектер магистратура, докторантурада оқып ғана қоймай орта және кіші өнеркәсіптер мен бизнес орталықтарында, мемлекеттік басқармалармен өндірістерге орналасып жұмыс жасауда.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Зерттеу университеті көп салалы білім беру ордасы елімізге қажетті сапалы және білікті мамандар дайындауда рейтингі жоғары оқу орындары қатарында болады. Ол біздің басты мақсатымыз.

БАЙЫСБАЙ Ө.П.,
«Механика, машина жасау және мұнайгаз ісі»
факультетінің деканы, т.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор

Ұлттық рухты асқақтатқан Әз-Наурыз

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде «Digital Nauryz» аясында Наурыз мерекесі биыл ерекше форматта ұйымдастырылды. Мерекеге арнайы қонағымыз Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі Кәрімбек Құрманәлиев, ардагер-ұстаздарымыз, профессор-оқытушылар құрамы және студенттер қатысты.



Ұлттық рухты асқақтатқан бұл мереке «Кимешек шеруі» атты тағылымы терең, әсерлі іс-шарамен бастау алды. Дәстүр мен жаңашылдықты үйлестірген көркем көріністе 100 ана кимешек киіп, бір мезетте халықтың сүйікті әні «Сәулем-ай»-ды әуелете шырқап, көпшілікке ерекше әсер сыйлады. Мерекелік жиында университеттің Басқарма төрағасы-ректор Дархан Ахмед-Заки құттықтау сөз сөйлеп, Наурыздың мәні мен маңызына тоқталды. Әр шаңыраққа бақ-береке, ырыс пен ынтымақ тіледі.





Салтанатты шара концерттік бағдарламаға ұласты. Әсем әндер шырқалып, мың бұралған бишілердің өнері мерекенің ажарын аша түсті. Ұлттық салт-дәстүрлер де назардан тыс қалмады. Көрермендерге «Бесікке салу» және «Тұсау кесу» рәсімдері ұсынылып, қазақ халқының бай мұрасы кеңінен насихатталды. Әр факультет, жоғары мектеп және колледж ұжымдарынан құралған командалар, сондай-ақ жеке қатысушылар ләңгі тебу, гiр көтеру және арқан тартыс сынды спорт түрлерінен өзара бақ сынады.



Ұлттық нақышпен көмкерілген киіз үйлер, тербелген алтыбақан, наурызкөже қайнаған қазандар – барлығы өзара үйлесім тауып, мерекенің көркін арттыра түсті. Осылайша, дәстүр мен шаттыққа толы Наурыз думаны ерекше әсермен өтті.



Ұлыстың ұлы күні – тарихтың ұлттық мұрасы

Тарих – ұмытылмас шежіре. Ол тасқа қашалмай-ақ, халықтың санасында, салтында, мерекесінде сақталады. Қазақ халқы үшін сондай ұлттық мұраның бірі – Әз Наурыз. Наурыз – Ұлыстың ұлы күні, ежелден қалыптасқан, тарихы тереңде жатқан жыл басы мейрамы. Бұл – күн мен түн теңеліп, табиғат түлеп, тіршілік жаңаратын кезең. Сондықтан Ұлыстың ұлы күні – тек көктемнің келуі ғана емес, ұлт санасының жаңғыруы.



Наурыз мерекесінің тарихына қысқаша тоқталсақ, «Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «нау» – жаңа, «руз» – күн деген мағынаны білдіреді. Яғни, жаңа жылдың бастауы. Бұл мейрам Балқан түбегінде, Орта Азия мен Таяу Шығыста бірнеше мыңжылдықтан бері тойланып келеді.

Тарихи деректерде Наурыз – көшпелі өркениеттің уақытты тану тәсілі ретінде сипатталады. Түркі дәуірінен бастап күннің жаңаруы

тіршіліктің жаңаруымен сабақтастырылған. Сондықтан 22 наурыз – жай ғана мезгіл ауысуы емес, жаңа жылдың бастауы саналған. Қазақ халқы бұл күні: «Ескі жыл есіркесін, жаңа жыл жарылқасын» деп тілек айтқан. Демек, бұл – өткенге есеп беріп, болашаққа сеніммен қарау күні.

Әз Наурыздың басты нышаны – Наурыз көже. Ол жай ғана тағам емес, татулықтың, молшылықтың белгісі. Қазанға салынған жеті түрлі дәм – жеті тілек, жеті ырыс, жеті үміттің символы. Бір қазаннан дәм тату – өкпе-назды ұмытып, жаңа жылға таза көңілмен қадам басу дегенді білдіреді. Ауыл ақсақалдары бұл күні ақ батасын беріп:

«Ұлысың оң болсын,
Ақ мол болсын,
Қайда барсаң жол болсын!
Ұлыс береке берсін,
Бәле-жала жерге енсін!» – деп ізгі тілегін арнаған.

Тарих беттеріне көз жүгіртсек, ұлтты сақтап қалатын – оның рухы екені анық. Жерді тартып алуға болады, тілді әлсіретуге болады, бірақ рухани құндылық жойылмаса, ұлт жойылмайды. Наурыз – сол рухани құндылықтың тірі дәлелі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мерекені ұлттық бірегейлікті нығайтатын, қоғамды топтастыратын құндылық ретінде атап келеді. Бұл – Наурыз-

дың тек өткеннің емес, бүгіннің де, болашақтың да мерекесі екенін көрсетеді.

Наурыз – біздің ежелгі тәңірлік дүниетанымымызбен сабақтас рухани мұра. Ол тас мүсінде де, көне қорғанда да емес, халықтың жүрегінде сақталған құндылық. Көкке қарап өмір сүрген, Көк Тәңірін қастерлеген дала жұрты үшін күн мен түннің теңелуі – үйлесім мен тепе-теңдіктің белгісі.

Ұлыстың ұлы күні – өткеннің көлеңкесі емес, болашақтың шамшырағы. Тамыры терең тарих ұмытылмайды. Наурыз – ұлттың рухани тамыры. Ал тамыры терең ел – мәңгілік ел.

Тәуелсіздікпен бірге төл мейрамымыз 21–23 наурыз күндері еліміздің барлық өңірінде кеңінен тойланып келеді. Наурыз мейрамы – жастардың таным көкжиегін кеңейтетін, патриоттық рухын қалыптастыратын маңызды мереке. Көпэтносты халқымыздың ынтымағы мен бірлігі – мемлекетіміздің басты байлығы. Ал Наурыз – сол бірліктің бастауы.

АНАРТАЙ А.,
ФИ-25-11к2 тобының студенті
БАЙМАХАНОВ Н.Б.,
«Қазақстан тарихы»
кафедрасының магистр
оқытушысы
Ғылыми жетекшісі

Кимешек – ананың қорғаны, ұлттың қазынасы



Университетімізде Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі биыл ерекше форматта, жоғары деңгейде аталып өтті. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған мерекелік шаралардың ішінде «Кимешекті аналар» шеруінің орны бөлек болды. Университет Аналар кеңесінің бастамасымен ұйымдастырылған бұл тағылымды шарада кимешек киген 100 ана университет аумағын жүріп өтіп, ұлттық дәстүрдің айшықты көрінісін паш етті.

Ақ жаулықтың қадірі мен ананың мәртебесін ұлықтаған бұл шеру көпшілікке ерекше әсер қалдырды. Осы орайда университетіміздің «Тұлға дамыту және ҚХО» орталығының басшысы, Аналар кеңесінің төрағасы Гүлнар Жанысбекова кимешектің тарихи мәні мен тәрбиелік маңызы туралы ой бөлісіп, оның қазақ қоғамындағы орнына тоқталды.

Кимешек атауынан-ақ бұл киімнің басты мақсаты – бас киім екенін аңғарамыз. Біздің күнделікті тілде кимешекті киген аналарды көбіне «әже» деп атайтын әдет қалыптасқаны да рас. Біз ес біліп, өсіп келе жатқан кезде, аналарымыздың кимешекті емес, орамал орап киетінін көзбен көріп, көңілге тоқыдық. Сол себепті біздің ұрпақтан кейінгі ұрпақтарда, жалпы қоғамымызда кимешек – қарттық, қариялық белгісі деген түсінік мықтап орныққанын мойындауға тура келеді. Алайда, қасиетті кимешек тек қарттарға арналмаған. Ол алғашқы нәрестесін өмірге әкелген уылжыған жастан бастап, кейуанаға дейінгі, отба-

сылы қазақ әйелдерінің барлығының киетін бас киім үлгісі болғанын да білеміз. Бұл деректерді революцияға дейінгі қазақ елін зерттеген «орыс саяхатшылардың» жазбаларынан және түрлі этнографиялық зерттеулерден көруге болады, - дейді Гүлнар Жанысбекова.

Ұлттық киімнің үзіліп қалған сабақтастығы

Ондай болса, неліктен бүгінгі күні кимешекті тек әжелер ғана киеді деген ұғым берік қалыптасқан? Гүлнар Жанысбекова бұл сұраққа да тоқталды.

Бүгінгі қазақ қоғамындағы мұндай тарихи сана – кеңестік билік пен большевиктік режимнің қуғын-сүргін саясатының салдары. Қазақстандағы «Кіші Қазан», ашаршылық, еріксіз босқыншылық кезеңдерінде әйелдерді «азат ету» науқаны жүргізілді. Сол тұста әйелдердің «басыбайлы құлдығының» символы – кимешекті жаппай шешкізу басталды. «Азат әйелдер» еуропаша шаш қиюға көшіп, қалалардағы зиялы қазақ әйелдері бастарын жалаңаштады. Ауыл-аймақтағы қыз-келіншектер колхоз шаруасына араласуы үшін комсомол қатарына қабылданғандары қызыл шаршы, тұрмыстағы әйелдер ақ шаршы тағуға мәжбүр болды. Ал, кимешектерді ауыл сыртында ескіліктің қалдығы ретінде өртегені туралы деректер бүгінге дейін тек бірен-сараң естелік айтушылардан ғана еміс-еміс жетіп отыр. Осылайша, жас аналар қасиетті Кимшектен ажыратылған. Тек кейбір кейуаналардың басында ғана қалып кеткен Кимешек бүгінгі таңда біздің қоғамымызға келіп жетті, - дейді төраға.

Кимешектің қасиеті неде?

Жалпы, көпшілік кимешекті қазақ халқының ұлттық бас киімі деп қана таниды. Десек те оның тарихы терең, бағзыда кимешек әсемдік пен мәдениеттің үлгісі ғана емес,

көшпелі халықтың әлеуметтік және философиялық астарға толы элементі болғанын айтады Гүлнар Жанысбекова.

Неге Кимешекті қасиетті деп атаймыз? Себебі ол қазақ қоғамының сан ғасырлық тарихымен, дәстүрімен, философиясы мен медицинасымен тікелей байланысты. Талай қазақ баласы, болашақ ел билеген қайраткерлері, батырлары мен балуандары, данагөйлері мен ақын салсерілері Ана көкірегінен нәр алған кезде, көлденең көзден, беймезгіл соққан салқын самалдан немесе тікелей түскен күннің ыстығынан қасиетті Кимешек қорғап тұрған. Көшпелі елдің киіз үйінде көппен қатар отырғанда, көш барысында аттың жалы, түйенің қомында, атшанада немесе атарбада сәбиін емізіп отырған ананы да, сәбиін де қорғап тұрған кимешек нәзікжандылар үшін батыр сауытындай қызмет атқарған.

Жас ерекшелікке сай кимешек үлгілері

Гүлнар Жанысбекова Кимешектің ерекшеліктерін де айтып өтті.

Кимешек түрі жағынан ерекшеліктері географиялық және рулық факторға байланысты болып келеді. Олар туралы бірқатар мәліметтерді кездестіруге болады. Ал біздің айтпағымыз, Кимешек алғашқы нәрестесін дүниеге әкелген жас ана киетін киім болғандығына тарихи этнографиялық шолу жасау. Өйткені мақаланың басында айтып өткендей, қазіргі біздің қазақ қоғамында «Ақ жаулықты әжелер» деген тіркестің берік қалыптасқандығы көңілге кірбің ұялатады. Әрине, әжелер кимешектің тағдыр теперішінен аман-есен бүгінгі күнге жетуіне негізгі себепкер болғандығы анық. Дегенмен, тарихи этнографиялық мәліметтерге сүйенсек, кимешек бастапқыда жас аналардың алғашқы сәбиін дүниеге әкелген сәттен киетін киім болған. Тұрмысқа шыққан жас ару сәукелесін



шешкен соң оның орнына қызыл түсті желек киген. Сол дәстүрден қазақ жігіттерінің арасында «Желегің желбіреп, асығып тұрсың ба?» деген әзіл мәтел тараған. Бұл – үйлену тойынан бастап нәрестесі дүниеге келгенге дейінгі кезеңде үйленген жігіттің жастардың түрлі отырыстарына қатыспай, желек киген шымылдығы желбіреген жас келіншегіне көңіл бөлгенін сипаттайтын көңілді дәстүрлік әзіл.

Гүлнар апайдың айтуынша, алғашқы кимешек «Қызыл жақ» деп аталып, әсем безендірілген. Оның күндігі онша биік болмаған, себебі жас ана болашақ нәрестесінің жаялықтарын осы бас киімдегі күндіктен алып, дайындаған. Сол дәуірде кимешектің күндігінің ұзындығы әдетте 12 метрден аспаған.

Орта жастағы, 3-4 балалы әйелдер киетін кимешек «Сарыжақ» деп аталып, сары, алтын немесе күмістен өрнектелген. Ал әжелер мен кейуана басындағы кимешек «Ақ жақ» деп аталған. Оның күндігі 26 метрлік матадан оралғандықтан, биік болып көрінген. Көшпелі қазақ қоғамында төтеннен келген қаза немесе қауіп жағдайында әр ересек ананың кебіні әрқашан басында дайын тұрған.

Қорыта айтқанда, Кимешек – тек бас киім ғана емес, қазақ әйелінің өмірлік дәстүрі мен даналығын, ана мейірі мен отбасыдағы мәртебесін бейнелейтін қасиетті символ. Ол жас ананы да, сәбиді де, әжені де, әр кезеңдегі әйелді де қорғайтын, көшпелі қоғамның мәдениеті мен философиясын бойына сіңірген киім, медициналық құрал. Қасиетті Кимешек арқылы қазақ қоғамы әйелге деген құрметін, ұрпаққа деген қамқорлығын және тарихы мен дәстүрін бүгінгі күнге жеткізген.



«Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі»

Қазақ халқының қол өнері көне заман тарихы мен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан байқазына. Қолөнерінің басты бір саласы – киім тігу. «Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі», - деген ұлы адамдар. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де, үлгісі де еш халықтан кем болған жоқ. Оның көркем үлгілері әлемнің этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алған. Ұлт мәдениетінде бағалы киімдер сый-сияпат, дипломатиялық қатынастарда ескерткіш, белгі ретінде жүрген. Ат, шапан сыйлау құрметтеудің көрінісі деп бағаланған. Ертеде халық шеберлері қазақтың болмысына тән, кигенде ыңғайлы әр түрлі киім үлгілерін жасаған. Халқымыздың ұлттық киімдерінің түрлері өте көп. Кең байтақ даламыздың табиғатына, ауа райына байланысты киім түрлерінде де ерекшеліктер бар. Киім мәуітіден, жүн және жібек матадан, киізден, аң терісінен тігіледі. Киімдердің барлық түріне тоқталу мүмкін емес. Сондықтан қымбат саналатын киім түрлеріне тоқталамыз.



Тымақ – ерлердің қысқы бас киімі. Оны аңның, малдың терісінен тігеді. Бұрын қазақ елі қай жүздің, қай рудың адамы екенін тымағына қарап таныған. Тымақ – биік төбелі, маңдайы, екі құлағы бар, желке, жотаны жауып тұратын артқы етегі бар жылы бас киім. Сыртын берік, қымбат маталармен тыстайды. Тымақ – қасиетті бас киім. Оны айырбастауға болмайды. Жақсы кісілердің тымағы атадан балаға мұра есебінде қалып отырған. Бұл – тымақтың қадірі мен қасиетін бейнелейтін көрініс.

Ұлтымызға жарасатын бас киімнің бірі – **берік**. Беріктің сырты мақпал,

пүліш, барқыт сияқты қымбат маталардан тігіледі, жиегіне қымбат бағалы аң және мал терілері ұсталады. Бұл бас киімді ерлер де, қыздар да киеді. Қыздар киетін берік дөңгелек төбелі немесе конус тәрізді биіктеу болып келеді. Сәндік үшін төбесіне үкі, жиегіне моншақ, шашақ, түрлі асыл тастар, түйме, оқа, зер, күміс тағылады.



Сәукеле – ұзатылған қыз киетін аса қымбат бағалы, кәделі әрі әсем бас киім. Сәукеле биік, төбе жағына қарай жіңішкере береді. Жоғары жағына үкі тағады. Сәукеленің өн бойы қымбат маталармен қапталып, оның сыртына алтын, күміс, інжу, маржан, меруерт, ақық, лағыл сияқты асыл тастардан жасалған



моншақтар тағылады, түрлі түсті қымбат жіптермен тігіледі, безендіріледі. Екі құлақ тұсына омырауға жететін құлақша тоқылады, Сәукеленің артқы жағына ұзындығы жерге жететіндей ақ желең тағылады.

Шапан – қазақтың ежелгі әрі кәделі киімі. Ол – арасына жүн немесе мақта салынып, сыртын шұға, барқыт сияқты әдемі әрі мықты матамен қапталып, ішін астарлап тігетін жылы киім. Шапанға түйме, әйелдердікіне ілгек, қапсырма қадайды немесе белбеу буынады. Тәуке ханның «Жеті жарғысында» тәртіп бұзған адамдарға ат немесе шапан айып тарттырып жазалау да шапанның қазақтың тұрмысында зор маңызы бар екенін дәлелдейді.

«Шебердің қолы алтын», - дейді қазақ. Сөзге де шебер, іске де ұста халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтардың бірі – оның қолөнері. Ағаштан, темірден түйін түйген, жүннен көздің жауын алатындай бұйым жасаған, асыл тастардан сән бұйымдарын соққан, сүйек пен мүйізді, шиді қиыннан қиыстырған халық шеберлерінің ісі – мақтауға тұрарлық өнер туындысы.

Зергерлік – өте ерте заманнан келе жатқан өнер. Тарихи этнографиялық мұражайлардағы археологиялық сәнді бұйымдар мен қарулар, ыдыс-аяқ, теңге-моншақтар, алтын мен күмістен және асыл тастардан жасалған қымбат заттар әлгі шеберлер қалдырған халықтық мұра болып табылады. Қазақ арасында жалпы темір соғатын ұсталарды да, зергерлерлерді де «ұста» деп атаған. Ұста сөзі шебер, өнегелі, ісмер деген ұғымда ағаш ұстасы, темір ұстасы, күміс ұстасы, сөз ұстасы, ақыл айтуға ұста деген сияқты тізбектерде айтыла береді. Бірақ алтын-күміс әшекейлі бұйымдарды жасаумен әуестенушілер өздерін темір ұстасынан бөлек санаған. Осыған орай оларды зергер деп атау бүкіл Орта Азия халықтарында ерте кезден-ақ қалыптасқан. Бұл туралы академик саяхатшы

П.С.Паллас өзінің 1776 жылғы «Путешествие по разным провинциям Российской империи» деген кітабында: «...қазақтарда ұсталар да, зергерлер де бар», - деп жазады. Аталмыш еңбекте қазақтың зергерлік бұйымдарының бірнеше түрін атап өтеміз:



Білезік - білекке салатын, күмістен, алтыннан соғылатын әйел бұйымы. Жасалуына қарай алтын білезік, күміс білезік, құйма білезік, сағат білезік, бұрама білезік, қос білезік сияқты атаулары бар.



Жүзік - қымбат тастардан көз орнатылған жалпақ сақина. Оның еркектер де, әйелдер де салатын түрлері болады.

Шашбау - қыздар шашымен қоса қоса өріліп, моншақты, зерлі күміс шынжырлы әсемдік бұйым.



Сырға - құлаққа тағатын сәнді асыл бұйым. Оның сапасына, құрамына сай көптеген түрлері болады.


Күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай келген дәстүрлі қолөнер үлгілерінің бірі - киіз басу, кілем тоқу, кесте тігу болып саналады.

Киіз басу - дәстүрлі қазақ қоғамында дамыған киіз жасау өнері. Киіз басу ісімен қазақ халқы өте ертеден таныс. Ғасырлар бойы көшпелі өмірге ыңғайлы тұрмыстық бұйымдардың бірқатарын киізден жасап келгендіктен, киіз басу технологиясын



әбден меңгеріп, өнер дәрежесіне көтерген. Қазақ қолөнерінде пайдаланылған негізгі шикізаттың бірі және ең бастысы - жүн болды. Материалды терең зерттеп, оның бар сырын, бар мүмкіндіктерін аша білу - қолөнері үшін маңызды жәйт. Халық шеберлері материалдың табиғи қасиеттеріне зер салып, оны өңдеуде техникалық тәсілінің барынша тиімді және күнделікті тұрмысқа ең қолайлы жақтарын қарастыра отырып, әсемдік, әдемілік дүниесіне де көңіл бөле білді.

Кілем тоқу - халықтың өте ертеден келе жатқан қолөнері. «Үй жасауы - кілем» дейді халық. Кілем - жайсаң төсеніш, ілсең сән. Осындай ел аузына ілінген асыл қасиетін ол әлі де сақтап келе жатқан бағалы зат. Осындай қиын да қызықты өнер қазақтың топырағында бұдан мың жылдар бұрын, қарапайым халық өнерпаздарының ой қазынасынан шығып, шебер қолдарымен тоқылатын. Кілем бір немесе бірнеше қабатты, түкті немесе тықыр болып келеді. Қазақ кілемдері тоқылу ерекшелігіне қарай - түкті және тықыр; материалына қарай - жібек, масаты, қалы; ру үлгілеріне қарай Адай, Керей, Қоңырат, Үйсін; сондай-ақ қосалқы белгілеріне қарай - шашақты, оқалы кілемдер болып бөлінеді. Не-



гізінен қызыл, қаракөк, сары, күлгін, аспанкөк түстерді қолдану арқылы түрлі ою-өрнектер табиғат көріні-

стерімен ұштастыра бейнеленеді. Қазақстанның оңтүстігінде түкті және тықыр кілемдерді қолдан тоқу дамыған. Олардың негізгі өрнектері - «күмбез», ал жиектерінде текшелі өрнектері «қорған» деп аталып, оны бойлай күлгін түсті «су» өрнегі жүргізіледі. Бұл зәулім күмбезді, тас қамалды, қорғанын қуалай су жүргізілген қаланы елестетеді.



Кесте - қазақ халқының қолөнерінің ерекше түрінің бірі. Кесте - сан ғасырлар бойына халқымыздың талантты ісмерлерінің көркем қиялдарын шеберлік құдіретімен бейнелеген ақыл-парасаттарының жауһары. Кесте өнерінің түптөркіні - тігіс, тоқыма, өрме өнерімен тамырлас. Қазақ халқында кесте тігумен тек қана әйелдер айналысады. Қазақ қыздарына аналары ыждаһаттылық пен төзімді талап ететін бұл қолөнер түрін бала кезінен үйретеді. Кесте өнерінің қыз баланың табанды, сабырлы мінез-құлқын қалыптастыруға тигізетін пайдасы өте көп. Шеберлер кесте өнері қазынасының айдынын кеңейткен кестелерді көркемдеудің сан алуан тәсілдері: өрнек сызығын қуа түкпірлеп кестелеп толтыру, кенерелеу, тіктеп қатарлап кестелеп толтыру, алтындап, күмістеп көздеу, өрнекті өрнекпен шымдау, шумақты өрнекпен шымдау жиі қолданған. Кесте тігуге көбінесе қалың маталарды балбарқыт, пүліш, шұға, мәуіті, ағызу,

борлат; қалың жібек кездемелер, әртүрлі мәнерленген терілер, жұқа киіздер т.б. таңдаған. Шым кесте, тұс киіз, сандыққап, мақпал шапан, орамалға, жастық жапқыш, сәукеле сияқты басқа да көптеген заттарға сондай-ақ әредік тақия, балақ, өңір, жаға, көйлектің етегіне және кең қоныш етіктердің бұрыш-бұрышы, перделердің шеттері сияқты заттарға кестеленіп, тігіледі.

Ұлттық өнеріміз бен мәдениетімізді меңгермей, мәдениетті азамат тәрбиелеу және ұлттық сананы қалыптастыру мүмкін емес. «Өнерден қуат алмаса, тіршіліктің қуаты өшеді» - деп, ұлы ғалым, заңғар жазушымыз Мұхтар Омарханұлы Әуезов айтқанындай, жастарға өз халқының бай мұрасын, өнерін бойына сіңіріп, тәрбие беру қазіргі кездегі кезек күттірмейтін мәселенің бірі. Қай кезеңде болсын адамзат алдында тұрған мұрат-міндеттердің ең бастысы, өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Білімді, жан-жақты тәрбиелі, қабілетті жастар халқымыздың баға жетпес қазынасы, сондықтан жастарды өмірге, еңбекке икемді азамат етіп бағыт берудегі ұлттық құндылық, игіліктеріміздің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық маңызы орасан зор. «Өнер түрі елде мол, өнім сыры жерде мол» дегендей қазақ халқының сан ғасырлық тарихи өнер түрлері халықпен жасай бермек.

Н.ДОСЫБАЙ
М.Әуезов атындағы ОҚЗУ
колледжі,
Қазақстан тарихы пәні
оқытушысы,
саясаттанушы магистр

Еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесінен басталады

Білімді, дені сау ұрпақ тәрбиелеу – мектеп пен ата-ананың ортақ міндеті. Баланың бақыты, ең алдымен, отбасындағы өнегелі тәрбиеге байланысты. Үйде баланы жазу-сызуға, ауызша есепке үйретіп, қызықты әңгімелер айтып, қатарынан шағын үй шаруасына баулу – оның әрі білімге құштар, әрі еңбекқор болып қалыптасуына ықпал етеді. Өйткені еңбек пен білім – егіз ұғым.

Еліміздің болашағы – тәрбиелі, тәртіпті ұрпақ. Сондықтан бала бойынан жат қылық байқалса, өзгеден кінә іздемей, ең алдымен ата-ана өз тәрбиесіне зер салғаны жөн. Тәрбие отбасынан басталатынын ұмытпау керек. Күнделікті айтылатын қарапайым талаптардың өзі – баланы тазалыққа, шыншылдыққа және ұқыптылыққа баулитын маңызды құрал.

Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата – ана, ал ата – ана өмірінің жалғасы – бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата-ананың бір-біріне деген қарым-қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған-туыспен, көрші-көлеммен

қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек

Омарханұлы Әуезов көптеген ғылыми мақалалар мен сөйлеген сөздерінде ағарту

лым» атты мақаласында: «Адамшылықты таза жүргізу үшін — көп ой керек,

барлық мәртебелі де, игілікті істердің жалғастырушылары болуы шарт. Олардың идеялық шыңдалуы, аса жоғары жауапкершілік сезіммен қатар ізгілік, интелектілік, моральдық тазалығын, өзін-өзі ұстау, байыптылық, білімнің түрлі саласынан хабардар болу, шәкірт психологиясын терең білу, педагогтік техниканы жете меңгеру, оптимизм т.б. жеке қасиеттерді бойына дарытуы қажет дейді. Ол өз оқулықтары мен бағдарламаларында, оқыту ісі жөніндегі мақалаларында мұғалімдерден әрбір сабағын ұқыпты ойластырып, білім беру мен тәрбиелеу тәсілін жетілдіре беруді, шәкірттердің ақыл-ой дамуын адамгершілік қасиетпен тығыз байланыстырып отыруды талап етті. Қазіргі таңда кеңірек тұлғаларымыздың рухани мұраларын заман сұранысына сай тереңдете оқытқанымыз жөн. Жаңартылған білім мазмұнына сай 56 құндылыққа негізделген білім беру үдерісінде ұлттық дәстүріміз бен мәдениетіміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан жазушы ақындардың мол мұрасын жете меңгерту басты міндет болып отыр. Бүгінгі таңда оқу үдерісінде «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету жоспарлануда. Ал, білім беру құндылықтары дегеніміз білім беру мазмұнын айқындау үшін негіз болатын, білім алушының тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болып табылатын оқу мақсаттарының жүйесін құрудағы бағдарлар. Аталмыш негізгі құжаттарда білім берудің алты құндылығы басылыққа алынған.

Олар:

- құрмет;
- ынтымақтастық;
- ашықтық;
- қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- еңбек пен шығармашылық;
- өмір бойы білім алу.



болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні — бұның барлығы балаға әсер етеді. Баланы үнемі ұрып — соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек.

Ата-ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жіті білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «Екеуіміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл — қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ, баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн.

Заманымыздың заңғар жазушысы, ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің шыңы – ұлы Мұхтар

саласы, білім мен тәрбие саласы жөнінде сөз қозғаған. Жазушы мен ғылым жолын қатар ұстаған Мұхтар Әуезов халық ағарту ісінің мәселелері жөнінде «Оқу ісі» мақаласында: «Оқытушылар — замана талабын дұрыс түсінген, адам баласының қас жауы нағандық пен қараңғылыққа, қапастыққа қарсы күресуші азаматтың өткен тарихындағы барлық мәртебелі де игілікті істердің жалғастырушылары болуы шарт» десе, «Мәдениет һәм ұлт» атты мақаласында «Ғылым мен мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы болып отыр. Осы күнде ғылым мен мәдениет жерде, суда, ауада, аспанда айжұлдызды билейді» деп ғылымды жоғары бағалаған. Ал, «Ға-

ойлау үшін оқу керек және оқу әр тараптан мағлұмат беріп, ақиқатқа баланың көзін жеткізіп, көңіліне жақсылықпен тәрбие беру керек» деп білім мен тәрбиенің егіз болуы сөз етті. Әуезовтің ағарту ісіндегі негізгі мақсаты – халыққа қызмет ететін білікті, білімді азамат тәрбиелеу, олардың неғұрлым жанжақты дамуына көңіл бөлу еді. Бұл бүгінгі таңда да өз өзектілігін жойған жоқ. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» – деген М. Әуезов жастар тәрбиесіндегі мұғалімдердің алатын орны туралы жүйелі пікірлері ерекше назар аудартады. Оқытушылар М. Әуезов ойынша, заман талабын дұрыс түсінген, адамзаттың өткен тарихындағы



Бұл орайда М.Әуезовтің көркем әңгімелерін оқытудың орны ерекше. XX ғасырда қазақ әдебиетін әлемге танытқан ұлы классик жазушы М.Әуезовтің көркем прозадағы суреткерлік шеберлігі еуропалық деңгейге жетуі алғашқы жазған әңгімелерінен бастау алған. Адамзат тарихы бастан кешкен қоғамдық үш формацияны көзбен көріп оймен сүзген жазушы өмірден көргені мен түйгенін көркем оймен суреттеп, туған халқының адамгершілік идеялы мен дәстүр салтын, рухани болмысын, тұрмыстағы күйбелең тіршілігін қағаз бетіне түсіріп шебер бейнелеуі де тұңғыш рет көркем әңгімелерінен басталған болатын. Жазушының алғаш жазған «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Үйлену», «Сөніп-жану». «Кім кінәлі?». «Сыбанның мола-сында». «Текшенің бауырында». «Жетім», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу». т.б. әңгімелері адамдар арасындағы қым-қиғаш әрекеттерді суреттей отырып гуманистік сипатта жазылған көркем туындылар. Оларда көбіне-көп трагедиялық тағдырға душар болған кейіпкерлер бейнеленіп, ең басты мәселе адами құндылықтар мен жалпы адам болмысын тереңінен тануға талпыныстар жасалынып, автордың ашып көрсеткісі келген басты идеясының бірі адам табиғатын сан қырынан саралап түсіндіруге арналды. Балаға берілген білім беру және тәрбие процесі ең алдымен сөз арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың тілін дамыту барлық пән оқытушыларға қойылатын жалпы талап болып табылады. Алайда, баланы оң және сол жақтарды білуге үйрету, өмірдің талаптарына бейімделу, адамгершілік азамат болу мәселесі жазушылардан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Себебі әдебиет – сөз өнері, адамды зерттеу құралы. Бұл ерекше ғылым және таңғажайып өнер, ол адамды нағыз азамат етеді, оның жанын нығайтады және оны жанға бұйырады. Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқудан 57 басталады. Бала көркем шығарманы үйретпестен әдебиеттен оқи алмайды.

Білім алушы оны оқып қана қоймай, одан алған әсерлерін өмір бойы қолдана алуы керек. Өз тәжірибеме тоқталатын болсам, «Көксерек» әңгімесін оқытуда алдымен шығарма мазмұнымен таныса отыра, көркем фильммен салыстыруды



тапсырамын. Оқушының тыңдау, қабылдау қабілетіне қарай, кей оқушылар кітаптан оқығанда ұқса, кей оқушылар көзбен көргенді ұғады. Осы тұста барлық оқушының әңгіме мазмұнымен бірден танысуын басшылыққа алып отырмын.

Шығарма мазмұнымен танысқан соң, оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалар орындалады. «7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау» мақсатында «Сатылай

«7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау» мақсатындағы сабақты жоспарлауда «Венн диаграммасы», «Кейіпкерлер кластері» әдістерін таңдадым.

«7.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту» мақсатында әңгіме сюжеттеріне көрініс көрсету арқылы мақсатты жүзеге асыра алдым. Бұл тұста оқу мақсатын жүзеге асырудың ең негізгі бөлігіне ғана тоқталып отырмын.

паққа кітап оқытуына тежеу қойып келеді. Бұл тұста Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Алтын уақытымызды пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн», – деп әр тұлға оқуға тиіс деп санайтын отыз таңдаулы кітаптың тізімін ұсынған болатын. Қазір осы бағытта Оқу-ағарту министрлігі «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыруда.

ету. Мектебіміз ұлы жазушы атауында болғандықтан, басты ерекшелік осы жоба аясында жазушының шығармаларын оқуға арнадық.

Қорыта айтқанда, жас ұрпаққа сапалы тәлім-тәрбие беру – қоғамның, ұстаздардың және ең алдымен ата-аналардың ортақ міндеті. Осы бағытта бірлесе әрекет етсек, ел болашағының жарқын болары сөзсіз. Балаларды отансүйгіштікке баулып, ата-баба салт-дәстүрін құрметтейтін саналы ұрпақ тәрбиелеу – баршамызға жүктелген жауапты іс.

Халықтың салт-дәстүрін қадірлейтін, елін сүйетін жан-жақты жетілген, саналы намысшыл патриот тұлға қалыптастыруда М.Әуезов шығармаларының ықпалы зор. Шынай өмірді дәл сол қалпында түсірген ұлы жазушының қай әңгімесін, повесін, романын оқысаң да, еш жалықпайтын, қазақтың жалпақ тілімен әсерлі жазылған нағыз өмірді көре аласың. «Мен бір күншіл емес, менікі ертеңгі үшін» деп белгілі ғалым А.Байтұрсынов айтқандай, бүгінгі таңда оқушы бойына ұлылар қасиетін сіңіру, шығармаларын бүгінгі күн талабымен оқытсақ, Әуезовтей зиялыларымыздың армандарының іске асқаны деп білу шарт. Әуезов сөзімен айтқанда, «Іздессең – табарсың, алыссаң – аларсың». Ұлы жазушының мол мұрасын ұлықтар ұрпақтарымыз көбейе берсін демекпін.



кешенді оқыту технологиясы бойынша композициялық талдау жасаттым.

«7.1.2.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау» мақсатын жүзеге асыруда «Балық қаңқасы» әдісі арқылы талдау жасата отыра, бекту кезеңінде «Попс формуласы» әдісімен қорытындыладық.

Бұл – оқушыны ізденіске баулып, білімді өз ынтасы, өз еңбек – ізденістері арқылы қалыптастыруға жетелейді. Бүгінгі таңда оқушыларға кітап оқыту, қолына кітап ұстату көкейкесті мәселе болып отыр.

Егер бір адам кітап оқымаса, бұл оның өз қасіреті, ал миллиондаған адамдар кітап оқымаса, тұтас бір ұлтың қасіреті. Ақпараттың қарқынды дамуы жас ұр-

Аталмыш жоба негізінде былтырғы оқу жылынан бастап мектепте «Ашық аспан аясында кітап оқу» жобасының авторы негізінде жүзеге асырып келемін. Негізгі ойымыз – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, оқу сауаттылығын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал

**АБИШЕВ Р.А.,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
Универсиеті колледжі
директорының тәрбие ісі-
жөнідегі орынбасары**

Жизнь, посвящённая музыке: Кенесу Дуйсекееву – 80 лет



В феврале-месяце общественность республики отметила 80-летие композитора Кенеса Дуйсекеева. Кенес Дуйсекеев (10 февраля 1946, Кызылординская область – 9 июля 2020) – советский и казахстанский композитор. Заслуженный деятель искусств Республики Казахстан.

В 1983-1986 годах я работал председателем профкома студентов Казахского химико-технологического института. Мой предшественник на этом посту – кандидат технических наук, доцент Серикбаев Базарбай Алибаевич пригласил своего друга Дуйсекеева Кенеса в наш институт для оказания помощи музыкальным коллективам КазХТИ. Кенес ага охотно согласился и стал оказывать нам безвозмездную помощь коллективам художественной самодеятельности. Его работа нашла понимание у руководства института и, в первую очередь, у ректора – Молдабекова Шаяхмета Молдабековича. Хорошие отношения сложились у Дуйсекеева с проректором по учебной работе Кирилиным Василием Ми-

хайловичем, который имел хобби – был самодеятельным композитором. Кенес Дуйсекеев помог Василию Михайловичу обработать некоторые песни и помог в издании небольшого сборника песен. В 90-ые годы имя Василия Михайловича Кирилина было внесено в «Аллея музыкальных звезд» Шымкентской области рядом со сквером Шамши Калдаякова. Я считаю, что в этом большая заслуга Кенеса Дуйсекеева.



Кенес Дуйсекеев внес большой вклад в становление наших студентов-артистов и, в первую очередь, певцов. В 1986 году коллективы художественной самодеятельности КазХТИ дали большой концерт на сцене областного драматического театра города Шымкента, который был восторженно принят многочисленными зрителями. Одним из ярких номеров этого концерта была песня «Өмір-өмір», которую исполнила студентка Тасполтаева Айбала (ныне кандидат технических наук, доцент кафедры «Пищевая инженерия»). Это была премьера песни Кенеса Дуйсекеева и первым ее исполнителем была студентка КазХТИ.

...К сожалению, после тяжелой и продолжительной болезни Кенес ага не стало в июле 2020 года. Для нас – ветеранов Казахского химико-технологического института светлая память о заслуженном деятеле искусств Республики Казахстан, композиторе, замечательном человеке Кенесе Дуйсекееве будет вечной.

СЕРИКБАЕВ Б.Е.,
доцент кафедры «Механика и машиностроение»





Бұрынғы түлек – қазіргі тірек

Бүгінгі таңда еліміздің қарқынды дамуы ең алдымен білікті де білімді мамандарға тікелей байланысты. Университет қабырғасында сапалы білім алып, үлкен өмірге жолдама алған түлектер әр салада жемісті еңбек етіп, қоғамның өркендеуіне өз үлестерін қосып келеді. Осы орайда оқу орнының имиджін арттыру, академиялық қоғамдастық пен жұмыс берушілер арасындағы байланысты нығайту мақсатында «Есептеу техникасы және бағдарламамен қамтамасыз ету» кафедрасының бұрынғы түлектерімен мазмұнды кездесу ұйымдастырылды.

Кездесу барысында әр жылдары білім алған түлектер бүгінгі таңда атқарып жүрген қызметтері мен жетістіктері туралы ой бөлісіп, кәсіби тәжірибелерімен бөлісті. Олар студенттік шақтағы қызықты естеліктерін еске алып, қазіргі білім алушыларға бағыт-бағдар берерлік құнды кеңестер айтты.



Сұхбат алған түлектеріміздің алғашқысы – **Дүйсенов Нурзак Жезтайұлы**. Ол – Орталық Азия инновациялық университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры, техника ғылымдарының кандидаты, доцент.

Нурзак Жезтайұлы 2000 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қолданбалы мате-

матика» білім беру бағдарламасын тәмамдап, осы бағытта 2000–2002 жылдары магистратурада білімін жалғастырған. Кейін 2005–2007 жылдары аспирантурада оқып, ғылыми дәрежесін сәтті қорғады.

Еңбек жолын 2000 жылы «Қолданбалы математика және бағдарламалық қамтамасыз ету» кафедрасында оқытушы

қызметінен бастаған ол 2007 жылға дейін оқытушы, аға оқытушы ретінде қызмет атқарды. Ғылыми дәреже алғаннан кейін Шымкент қаласындағы бірқатар жоғары оқу орындарында кафедра меңгерушісі, оқу бөлімінің басшысы, оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор лауазымдарын абыроймен атқарды. 2019 жылдан бастап Орталық Азия инновациялық университетінде қызмет етіп келеді.

Кездесу барысында Нурзак Жезтайұлы университетпен байланысының үзілмегенін ерекше атап өтті: – Қазіргі таңда Әуезов университетінің «Есептеу техникасы және бағдарламамен қамтамасыз ету» кафедрасымен бірлесіп жыл сайын өтетін қысқы мектеп аясында ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект бағытында ғылыми баяндамалар жасап келемін. Сонымен қатар түрлі ғылыми конференцияларға қатысып, университеттің бітіруші түлектерімен рецензент ретінде тығыз байланыс орнатудамыз, – деді ол.


Оның айтуынша, бүгінгі таңда ақпараттық технология – XXI ғасырдың негізгі қозғалушы күші. Әсіресе, цифрландыру қарқынды дамып келе жатқан Қазақстанда бұл саланың маңызы арта түскен. – Ақпараттық технология және ақпараттық қауіпсіздік бағытында білім алып жатқан түлектердің болашағы зор. Себебі елімізде барлық сала цифрландырылып жатыр. Университеттерден бастап түрлі мекемелерге дейін заманауи технологияларға көшуде. Сондықтан біздің кафедра түлектерінің кез келген салада жұмыс істеуіне толық мүмкіндік бар, – деп атап өтті түлек.



Келесі кейіпкеріміз – «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Шымкент қаласы бойынша өкілдігінің байланыс басқармасының инженері **Сапарәлі Нұрай Қанатқызы**. Ол 2017–2021 жылдары кафедрамызда білім алып, бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар саласында табысты еңбек етіп жүрген жас мамандардың бірі.

Нұрай Қанатқызының айтуынша, IT саласына деген қызығушылығы студенттік кезеңде қалыптасқан. Қазіргі қызметінде ол мемлекеттік органдардың байланыс арналарының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге атсалысады. – Біздің негізгі міндетіміз – мемлекеттік мекемелердің байланыс жүйелерінің тұрақты әрі үздіксіз жұмыс істеуін қадағалау. Сонымен қатар түрлі ақпараттық жүйелерді толықтай сүйемелдеп, олардың дұрыс қызмет атқаруын қамтамасыз етеміз, – деп атап өтті жас маман.

Сұхбат барысында түлек студенттерге тәжірибенің маңыздылығын ерекше атап өтті: – Студент кезден бастап тек теориямен шектеліп қалмай, тәжірибеге көбірек көңіл бөлу керек. Әртүрлі практика мен тағылымдамалардан өтіп, өздеріңізді сынап көріңіздер. Сол арқылы қай бағытта дамитындарыңызды ертерек анықтап алған дұрыс, – деп кеңес берді ол.





Келесі сұхбаттасқан түлектеріміздің бірі – Шымкент қалалық көпсалалы онкологиялық ауруханасының IT бөлімінің басшысы **Мукушев Самат Сайфуллаевич**. Ол – кафедралымыздың 2005-2009 жылғы түлегі.

лердің тұрақты жұмысын және киберқауіпсіздікті бақылау да біздің жауапкершілігімізге кіреді, — дейді ол.

Науқастарды тіркеу, қабылдау, олардың мәліметтерін базаға енгізу – барлығы цифрлық жүйе арқылы жүзеге асады. Осындай процестердің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету – біздің негізгі міндетіміз. Сонымен қатар деректердің қауіпсіз сақталуын, жүйелердің тұрақты жұмысын және киберқауіпсіздікті бақылау да біздің жауапкершілігімізге кіреді, — дейді ол.

Келесі сұхбат кейіпкері – «KEGOC» АҚ филиалының Оңтүстік өңірлік орталығында ақпараттық технологиялар тобының жетекші инженері **Утжанов Еркебұлан Сейілұлы**. Ол – кафедралымыздың 2005-2009 жылдар аралығындағы түлегі. — Мектеп кезінен бастап компьютерлерге, жаңа технологияларға қызығушылығым жоғары болды. Сол қызығушылық мені осы мамандықты таңдауға жетеледі, — дейді ол.

Түлек университетте алған білімінің бүгінгі кәсіби қызметінде үлкен пайдасын тигізіп отырғанын ерекше атап өтті: — Университетте меңгерген білім қазіргі жұмысымда көп көмектесіп келеді. Әсіресе операциялық жүйелер, желілік технологиялар, компьютер архитектурасы, бағдарламалау тілдері бойынша алған білімдерімді күнделікті тәжірибеде қолданамын, — дейді маман.

артып келе жатқанын атап өтті. Олар университет қабырғасында алған білімдерінің кәсіби өмірлерінде үлкен рөл атқарғанын айттып, студенттерге білімге ұмтылып, жаңа технологияларды меңгеруге кеңес берді. Сонымен қатар, маман ретінде қалыптасу жолында табандылық, үздіксіз ізденіс және тәжірибе жинақтау маңызды екенін жеткізді.

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда әр салада еңбек етіп жүрген университет түлектері – оқу орнының



Самат Мукушев бұл мамандықты таңдауының себебін сол кезеңнің өзінде ақпараттық технологиялардың болашағы зор екенін түсінгенімен байланыстырады. Бүгінде ол еңбек етіп жүрген денсаулық сақтау саласында IT-дің маңызы ерекше екенін атап өтті.

— Қазіргі таңда медицина саласын ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Барлық медициналық деректер арнайы ақпараттық жүйелерде сақталады.

Сұхбат барысында түлек студенттерге де өз кеңесін берді: — Тек диплом алу үшін оқымаңыздар. Ең бастысы – сапалы білім алу. Ақпараттық технологиялар саласы бір орында тұрмайды, күн сайын дамып келеді. Сол өзгерістерді меңгеріп, үнемі ізденісте болу қажет. Сонымен қатар ағылшын тілін үйрену – әрбір IT маман үшін маңызды, — деп атап өтті Самат Сайфуллаевич.



Қазіргі таңда ол желілік инфрақұрылымды басқару, IT-телекоммуникациялар мен телефония жүйелерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету бағытында еңбек етеді. — Біздің міндетіміз – желілік жүйелердің, байланыс арналарының және телекоммуникациялық қызметтердің үздіксіз әрі сапалы жұмыс істеуін қадағалау, — деп атап өтті ол.

Сұхбат барысында түлектер қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың барлық салада маңызы

мақтанышы. Олар тек өз саласының мамандары ғана емес, сонымен қатар жас буынға үлгі болатын тұлғалар. Сондықтан «Бұрынғы түлек – қазіргі тірек» деген сөздің мәні зор. Бүгінгі студент – ертеңгі ел болашағын қалыптастыратын маман.

ДОСАНОВА Г.Ш.,
«Есептеу техникасы және бағдарламамен қамтамасыз ету» кафедрасының оқытушысы, магистр